




БЕКІТІЛДІ:   
«Куншуак» жекеменшік  
бәбекжай-бақшасының  
директоры А.Е.Баянова

## ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2025-2026 оқу жылы

Кезең	Іс-шаралар	Мақсаты / Нәтиже	Жауапты
I тоқсан (қыркүйек)	Жаңа оқу жылының жылдық жоспарын талқылау; ➤ Кеңес регламентін нақтылау ➤ Жылдық жоспарды бекіту ➤ Балабақша жағдайына кезекті мониторинг жүргізу ➤ Ата-аналар жиналысын өткізу ➤ Топтардың материалдық жағдайын қарау Қосымша: - Жаңа оқу жылының басталуына қолдау көрсету. - Жаңадан қабылданған балалардың балабақшаға бейімделуін қадағалау	Жұмысты ұйымдастыру, бағыттарды айқындау	Кеңес төрағасы
II тоқсан (қазан–желтоқсан)	Оқу-тәрбие сапасын талдау; қауіпсіздік шараларын қарау; материалдық базасын толықтыру. • Балалардың тамақтану сапасына мониторинг, ас мәзірінің орындалысы • Қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қарау • Ата-аналармен ашық кездесу өткізу • Педагогтармен бірлескен дөңгелек үстел ұйымдастыру Қосымша: Мерекелік іс-шараларға қатысу «Тіл-татулық тірегі», «Ұстаз аты мәңгілік, жадында тұрар жаңғырып»	Сапаны арттыру және жағдайды жақсарту	Кеңес мүшелері

<p>III тоқсан (қаңтар– наурыз)</p>	<p>Жарты жылдық қорытынды; қайырымдылық акциялары;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Жартыжылдық есепті тыңдау</li> <li>➤ Балалардың даму деңгейін талдау</li> <li>➤ Материалдық қажеттіліктерді қайта анықтау</li> <li>➤ Қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру</li> <li>➤ Қыстық және көктемгі қауіпсіздік шараларын бақылау</li> <li>➤ Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру жұмыстарына қатысу</li> </ul> <p>Қосымша: “АДАЛ АЗАМАТ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» бағдарламасының іске асырылуы</p>	<p>Әлеуметтік қолдау және кері байланыс</p>	<p>Кеңес төрағасы</p>
<p>IV тоқсан (сәуір– маусым)</p>	<p>Жылдық қорытынды; есеп беру; жаңа оқу жылына ұсыныстар</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Жылдық жұмысты қорытындылау</li> <li>➤ Кеңес жұмысының тиімділігін бағалау</li> <li>➤ Атқарылған жұмыстар туралы есеп тыңдау</li> <li>➤ Жазғы сауықтыру жұмыстарына ұсыныстар</li> <li>➤ Жаңа оқу жылына жоспар дайындау</li> <li>➤ Кеңес мүшелерінің есебі</li> </ul> <p>Қосымша:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту» балабақша ішілік семинарға қолдау көрсету.</li> <li>➤ “1-маусым Балаларды қорғау күні» мерекелік іс-шарасын қолдау</li> </ul> <p>Ойын алаңдарын жақсарту бойынша ұсыныстар</p>	<p>Жұмысты талдау және жоспарлау</p>	<p>Барлық мүшелер</p>

**Қамқоршылық кеңес отырысы және ата-аналар жиналысы**  
**ХАТТАМА № 1**

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы»

Өткізілген күні: 29.08.2025 ж.

Өткізілген уақыты: 10.00

Өткізілген орны: Балабақшаның акт бөлмесі.

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар, қамқоршылық кеңес мүшелері, медицина қызметкері

Қатысушылар саны: 15

Төраға: Шаудирбаев Габит Нургалиевич

Хатшы: Медиманова Айгуль Шахабековна

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. 2025-2026 жаңа оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспарының жобасын талқылау және бекіту.
2. Қамқоршылық кеңестің ішкі жұмыс регламентін, мүшелердің міндеттерін нақтылау және дауыс беру тәртібін бекіту.
3. Жаңа оқу жылының алдында бөбекжай-бақшасының жалпы жағдайына, асхана мен топтарға кезекті қоғамдық мониторинг жүргізу туралы.
4. Қыркүйек айында өтетін жалпы және топтық ата-аналар жиналыстарының кестесі мен қаралатын мәселелерін келісу.
5. Топтардың материалдық-техникалық дайындығын, жиһаздардың қауіпсіздігін және дидактикалық-логикалық ойыншықтармен қамтылуын қарау.
6. Қосымша мәселелер:
  - 1-қыркүйек Білім күні мерекесіне және жаңа оқу жылының басталуына қоғамдық қолдау көрсету.
  - Алғаш рет қабылданған бүлдіршіндердің балабақша ортасына психологиялық және әлеуметтік бейімделуін (адаптациясын) бірлесе қадағалау.

**I. ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:**

**Күн тәртібіндегі 1-2 мәселелер:**

**Жылдық жоспарды бекіту және кеңес регламентін нақтылау бойынша:**

**Сөз сөйледі:**

Қамқоршылық кеңес төрағасы Шаудирбаев Габит Нургалиевич қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспарының жобасын таныстырды. Ол өз сөзінде: «*Биылғы*

жылы біздің басты назарымыз — балалардың құқықтық қауіпсіздігі, тамақтану сапасын бақылау, балабақша ішіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ата-аналар тарапынан өзге өңірде кездескендей негізсіз ақша жинау жұмыстарына жол бермеу. Сонымен қатар, балабақшаның экологиялық бағытын қолдауды жалғастырамыз», – деді.

#### **Нақтыланды:**

Кеңестің жұмыс регламенті бекітілді. Оған сәйкес, ресми отырыстар тоқсанына бір рет (қазан, қаңтар, сәуір, маусым айларында) өткізіледі, қажет болған жағдайда шұғыл жиналыстар шақырылады. Шешімдер ашық дауыс беру арқылы, мүшелердің көпшілік дауысымен 50%-дан жоғары қабылданады.

#### **Күн тәртібіндегі 3-5 мәселелер:**

**Мониторинг жүргізу, ата-аналар жиналысы және топтардың жағдайы:**

#### **Тыңдалды:**

Балабақша директоры Баянова Алмагуль Ерболатовна мекеменің жаңа 2025-2026 оқу жылына дайындығы туралы қысқаша ақпарат берді. Жаз айларында жеңіл жөндеу жұмыстары жүргізілгенін, жылу және су жүйелері тексерістен өткенін мәлімдеді. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерін, мемлекеттік стандарттарды түсіндіру мақсатында қыркүйек айының алғашқы онкүндігінде жалпы ата-аналар жиналысы жоспарланғанын жеткізді.

#### **Сөз сөйледі:**

Ата-аналар комитетінің мүшесі Мұратова Мөлдір топтардың материалдық жағдайына тоқталды: *«Ортаңғы топтарда балалардың логикалық ойлауын, саусақ моторикасын дамытатын заманауи дамытушы ойыншықтар мен көрнекі құралдардың мысалы, көлеңкелі сәйкестендіру, логикалық карточкалар көбейгені дұрыс. Шаруашылық меңгерушісімен бірге топтарды аралап, жиһаздардың биіктігі мен қауіпсіздігін, санитарлық тораптардың тазалығын көзбен көру үшін арнайы қоғамдық мониторинг жүргізуді ұсынамын.*

Кеңес мүшелері бұл ұсынысты бірауыздан қолдап, хаттама негізінде арнайы мониторингтік топ құруды ұйғарды.

#### **Күн тәртібіндегі 6-мәселе.**

**Қосымша мәселе Жаңа оқу жылының басталуы және балалардың бейімделуі:**

#### **Тыңдалды:**

Бақшаның педагог-психологы Жамишова Гулжихан Онашовна жаңадан қабылданған балалардың адаптациялық кезеңі туралы баяндама жасады. Психолог өз сөзінде: *«Жаңадан келген бүлдіршіндердің алғашқы 2-3 аптада жылауы, тәбетінің төмендеуі — қалыпты психологиялық реакция. Бұл кезеңде тәрбиешілер балаға ерекше жылылық танытуы керек, ал ата-*

аналар баланы үйден дайындап әкелуі тиіс. Біз ата-аналарға арнап "Балабақшаға үрейсіз бейімделу" атты жадынамалар дайындадық», – деп, Қамқоршылық кеңес мүшелерінен осы процестің дұрыс ұйымдастырылуын, топтардағы психологиялық климатты бірлесе қадағалауды өтінді.

### **Сөз сөйледі:**

Тәрбиеші Утеуова Мерует Егеубаевна 1-қыркүйек Білім күні мерекесіне дайындық барысын, ауланы безендіру, балаларды қарсы алу сәттерінде ата-аналардың белсенділік танытуын сұрады.

## **II. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚАУЛЫСЫ:**

1. «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен ішкі регламенті **мақұлдансын және бекітілсін.**
2. Балабақша топтарының, асханасы мен материалдық базасының дайындығын тексеру мақсатында төмендегі құрамда **қоғамдық мониторинг тобы құрылсын:**
  - Топ жетекшісі: Жолдыбаева Гульшат — Қамқоршылық кеңес мүшесі
  - Мүшелері: Мұратова Мөлдір-Ата-ана, Өтенова Ақшагүл — Шаруашылық меңгерушісі
3. Қыркүйек айының 10-на дейін барлық жас ерекшелік топтарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заңсыз ақша жинауға тыйым салу және ішкі тәртіпті түсіндіру мақсатында **жалпы ата-аналар жиналысы өткізілсін.**
4. 1-қыркүйек Білім күні мерекесін жоғары деңгейде ұйымдастыруға және балабақша ауласын безендіру жұмыстарына ата-аналар қауымдастығы тарапынан жан-жақты **материалдық және моральдық қолдау көрсетілсін.**
5. Жаңадан қабылданған балалардың балабақшаға бейімделу процесін жеңілдету үшін педагог-психологтың ұсыныстары негізге алынсын. Тәрбиешілерге балаларды қабылдау кестесін икемді (алғашқы күндері 2-3 сағаттан бастап) ұйымдастыру ұсынылсын және бұл мәселе Қамқоршылық кеңестің тұрақты бақылауында болсын.

### **Дауыс беру қорытындысы:**

«Қолдағандар» — 15 адам, «Қарсы болғандар» — жоқ, «Қалыс қалғандар» — жоқ.

Төраға:



Шаудирбаев Габит Нургалиевич

Хатшы:



Медиманова Айгуль Шахабековна

# Бейімделу кезеңіндегі психологиялық қолдау

Бейімделу – жаңа ортаға, жаңа талаптарға және жаңа рөлдерге үйрену кезеңі.

Бұл уақыт балалар үшін де, ата-аналар үшін де маңызды әрі жауапты кезең.

## Бейімделу қай кезде болады?

- Балабақшаға алғаш барғанда
- 1-сыныпқа келгенде
- 5-сыныпқа өткенде
- Жаңа мектепке ауысқанда
- Жасөспірімдік кезеңде

## Қиын бейімделу белгілері:

- Мазасыздық, жалаулық
- Үйқының бұзылуы
- Сабаққа барғысы келмеу
- Тұйықталу немесе алушандық

## Психологиялық қолдау қалай көрсетіледі?

- ✓ Баланың сезімін тыңдау және қабылдау
- ✓ Қауіпсіз, сенімді орта қалыптастыру
- ✓ Күн тәртібін тұрақтандыру
- ✓ Жетістіктерін мадақтау
- ✓ Педагог-ата-ана-психолог бірлескен жұмыс

Бейімделу – уақытты қажет ететін процесс. Баланы асықтырмай, салыстырмай, қолдау көрсету – табысты бейімделудің кішісі.

Әр жаңа кезең – жаңа мүмкіндік. Дурыс қолдау баланың сенімді тұлға болып қалыптасуына іқпал етеді.



## БАЛАНЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢІ

1. Топта баламен алғашқы күннен бастап мейірімді қарым-қатынас орнату, эмоциялық қолайлы жағдай жасау



2. Бала жаңа ортаға жылдам және жеңіл үйреніп, өзін сенімді сезіну үшін балаларды бір-бірімен, топтағы заттармен, мамандармен таныстыру


3. Бейімделу кезеңінде «бала-ересек» және «бала-бала» эмоциялық байланысты қамтитын ойын, жаттығулар ұйымдастыру маңызды



4. Баланың отбасында және балабақшада жасқа ерекшеліктеріне сәй тәсілдерді таңдауда ата-аналар мен тәрбиешілер әрекеттерінің ынтымақтасуы маңызды



5. Баланың жасқа қасиеттері мен қызығушылықтарына қарай балабақшаның педагог-психолог маманынан жеңіл кеңес алып тұру.



## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №II

**Өткізілген күні:** «04» 09 2025 жыл

**Өткізілген орны:** «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы

**Уақыты:** 10:00 – 12:30

**Төрағасы:** Шаудирбаев Габит Нургалиевич

**Хатшысы:** Медиманова Айгуль Шахабековна

### **Қатысқандар:**

- Қамқоршылық кеңес мүшелері — 9 адам.
- Балабақша әкімшілігі мен қызметкерлері: Балабақша директоры, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі, бас аспаз, медицина бикесі, тәрбиешілер мен мамандар.
- Шақырылғандар: Ата-аналар комитетінің мүшелері —4 адам.

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Оқу-тәрбие жұмысының сапасын талдау, мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуы және ұйымның материалдық-техникалық базасын толықтыру мәселелері.
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету: техникалық шараларды қарау және қауіпсіздік ережелерінің сақталуына ішкі бақылау жүргізу.
3. Тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу: бекітілген перспективалық ас мәзірінің орындалуы және бракераж комиссиясының есебі.
4. Отбасы мен балабақша серіктестігі: Ата-аналармен ашық кездесу өткізу және педагогтармен бірлескен дөңгелек үстел ұйымдастыру.
5. Қосымша мәселе: «Тіл – татулық тірегі» және «Ұстаз аты мәңгілік, жадында тұрар жаңғырып» атты мерекелік іс-шаралардың жоспарын бекіту және оған Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуы.

### **ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ**

**Күн тәртібіндегі 1-мәселе.** Оқу-тәрбие жұмысының сапасын талдау, мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуы және ұйымның материалдық-техникалық базасын толықтыру мәселелері.

### **Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері Жаксылыкова Айгуль Алиаскаровна ағымдағы кезеңдегі оқу-тәрбие процесінің сапасына тоқталып өтті. Ол өз сөзінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай логикалық ойлауын, танымдық қабілеттерін дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүріп жатқанын айтты. Оқу-әдістемелік кешенді жаңарту және заманауи дидактикалық материалдармен, ұлттық нақыштағы дамытушы ойыншықтармен топтардың материалдық базасын бірте-бірте қосымша толықтыру қажеттігін атап өтті. Педагог мамандарға шығармашылық жұмыстары бойынша көрнекіліктерді жасақтауды ұсынды.

### **Сөз сөйледі:**

Қамқоршылық кеңес мүшесі Сауытбаева Айдана:

*«Балабақшадағы білім сапасының артып келе жатқаны байқалады. Алайда, қазіргі заман талабына сай топтардағы көрнекі құралдарды, сенсорлық дамыту бұрыштарын әлі де байыта түсу керек. Біз ата-аналар қауымдастығы және демеушілер атынан материалдық базаны толықтыруға, қажетті дидактикалық көрнекіліктерді сатып алуға қолдау көрсетуге дайынбыз», — деді.*

### **Күн тәртібіндегі 2-мәселе:**

**Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету: техникалық шараларды қарау және қауіпсіздік ережелерінің сақталуына ішкі бақылау жүргізу.**

### **Тындалды:**

Балабақшаның шаруашылық меңгерушісі Өтенова Ақшагүл қауіпсіздік шараларының сақталу барысын баяндады. Ол ұйым аумағындағы бейнебақылау камераларының үзіліссіз жұмыс істеуі, өрт қауіпсіздігі автоматикасы мен алғашқы өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы тексерілгенін айтты. Бейнебақылау жүйелері жақсы жағдайда тұрғандығын ескертті.

### **Сөз сөйледі:**

Кеңес төрағасы Шаудирбаев Габит Нургалиевич

*«Балалардың қауіпсіздігі — ең басты міндет. Аула ішіндегі ойын алаңқайларының, кіші сәулеттік пішіндердің (качели, горка) беріктігі мен қауіпсіздігі күнделікті бақылануы тиіс. Техникалық қызметкерлер мен тәрбиешілерге нұсқамалықтар уақытылы берілсін», — деген ұсыныс тастады.*

### **Күн тәртібіндегі 3-мәселе.**

**Тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу: бекітілген перспективалық ас мәзірінің орындалуы және бракераж комиссиясының есебі.**

### **Тындалды:**

Балабақшаның медбикесі Аронқызы Құралай сөз алып, балалардың тамақтану сапасына жүргізілген ішкі мониторинг қорытындысын таныстырды. Ол 10 күндік перспективалық ас мәзірінің бекітілген нормаларға сай толық орындалып жатқанын, азық-түліктің сапалы, балғын күйінде келетінін айтты. Күнделікті дайын тағамдардың дәмін бракераж комиссиясы тексеріп, хаттамалап отыратынын мәлімдеді.

*Сондай-ақ, Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен таныстырып өтті.*

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

### **Сөз сөйледі:**

Ата-аналар комитетінің өкілі: Мұратова Мөлдір  
«Біз де асхана жұмысымен таныстық. Тағамдардың калориясы мен витаминдерге бай болуы талапқа сай. Балалардың ас мәзірінде сүт, ет, жеміс-жидектердің жеткілікті болуы қуантады. Мониторинг жұмыстарын алдағы уақытта да тоқтатпай, бірлесе қадағалауды ұсынамын», — деді.

**Күн тәртібіндегі 4-мәселе. Отбасы мен балабақша серіктестігі:  
Ата-аналармен ашық кездесу өткізу және педагогтармен бірлескен  
дөңгелек үстел ұйымдастыру.**

### **Тыңдалды:**

Балабақша директоры Баянова Алмагуль Ерболатовна отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы серіктестікті дамыту мақсатында жоспарланған шараларды ортаға салды. Жақын арада ата-аналармен еркін форматтағы «Ашық есік» күнін өткізу және тәрбиешілер мен мамандардың психолог, қатысуымен «Бала тәрбиесі — ортақ міндет» атты дөңгелек үстел ұйымдастыру жоспарланғанын хабарлады.

### **Сөз сөйледі:**

Кеңес мүшесі Әнетов Ақылбек : «Мұндай ашық диалогтар ата-аналардың балабақша өміріне белсенді араласуына жол ашады. Дөңгелек үстел барысында заманауи тәрбие әдістерін, балалардың психологиялық бейімделуін талқылау өте өзекті, бала қауіпсіздігі бастапқы орында болу керек. Өзге өңірлерде кездесіп жатқандай бала өміріне қауіпті әрекеттер, сан қилы тағдырлар орын алмауы керек. Балаларға балабақшадан өзге уақытта бейтаныс адамдармен кетпеуін, олардың нұсқаулығын орындамау, мысық пен күшікке немесе сан түрлі тәттілерге алданбау керек екенін түсіндіруміз қажет », — деп қолдау білдірді.

**Күн тәртібіндегі 5-мәселе. Қосымша мәселе: «Тіл – татулық тірегі»  
және «Ұстаз аты мәңгілік, жадында тұрар жаңғырып» атты мерекелік  
іс-шаралардың жоспарын бекіту және оған Қамқоршылық  
кеңес мүшелерінің қатысуы.**

### **Тыңдалды:**

Топ тәрбиешілері Аманжолова, Әміреева, Сатыбалдиева Күзгі және қысқы кезеңге жоспарланған мәдени-көпшілік шаралардың дайындық барысымен бөлісті. Атап айтқанда, мемлекеттік тіл мәртебесін ұлықтайтын «Тіл – татулық тірегі» апталығы мен ұстаздар қауымына құрмет көрсетуге арналған «Ұстаз аты мәңгілік, жадында тұрар жаңғырып» атты салтанатты іс-шаралардың сценарийлері талқыланды. Аталған шараға безендіру жұмыстарына қолдау көрсету ұсынды. Балабақшаның әрбір

ертеңгіліктері, түрлі іс-шаралары безендіру балабақша мен ұжымның, кеңестің, ата-аналар комитетінің қолдауында екенін сөз етті. «Бала әсемдікті жақсы көретіні, сан алуан безендіру баланың көңілін қуантады. Баланың бақытты балалық шағы әрине балабақшада екені рас. Мүмкін бірінің есінде қалар, бірінің есінде қалмас бірақ бала қуанғанын көру үлкен бақыт. Мерекелік ертеңгіліктер болсын, басқа да іс-шаралар болсын тәрбиешілер жанын салып сол кешті безендіреді. Бала қызығады. Ата-ана да қуанады. Оны сіздер де білесіздер. Сонын арқасында да баламен тығыз байланыс та бар. Балабақшаға сұраныс та жоғары. Әрине ол біз бен сіздердің ынтымақтастығымызда екенінде сөз жоқ. Бала тәрбиесінде бірлесіп жұмыс жасай берейік дегіміз келеді. Алдағы «Тіл – татулық тірегі», «Ұстаз аты мәңгілік, жадында тұрар жаңғырып», «Республика күні», «Жаңа жыл» тағы басқа да іс-шаралардың безендірілуіне ата-ана ретінде де өз үлестерімізді де қосатынымыз сөзсіз»-деп, бір топ тәрбиешілер өз пікірлерін айтты.

### ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:

1. **Оқу-тәрбие сапасы бойынша:** Оқу-тәрбие жұмысының деңгейі қанағаттанарлық деп танылсын. Балалардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында топтардың материалдық-техникалық базасын толықтыруға Қамқоршылық кеңес пен демеушілер тарапынан қолдау көрсетілсін.
2. **Қауіпсіздік шаралары бойынша:** Шаруашылық меңгерушісі мен күзетшіге ғимарат пен аула ішіндегі қауіпсіздік ережелерінің қатаң сақталуын, бейнебақылау жұмысын тұрақты бақылауда ұстау міндеттелсін.
3. **Тамақтану сапасы бойынша:** Балалардың тамақтану мониторингі тұрақты жүргізілсін. Перспективалық ас мәзірінің орындалуы, тағамдардың сапасы мен калориялығы бракераж комиссиясы мен ата-аналар бақылауында қалдырылсын.
4. **Серіктестік жұмыстары бойынша:** Ата-аналармен ашық кездесу және педагогтармен бірлескен дөңгелек үстел шаралары ағымдағы айдың соңына дейін бекітілген кесте бойынша ұйымдастырылсын.
5. **Мерекелік іс-шаралар бойынша:** Мерекелік ертеңгіліктер және тағы басқа да ұйымдастырылған іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне жағдай жасалсын. Қамқоршылық кеңес мүшелері аталған мерекелік шараларға құрметті қонақ ретінде қатысуға шақырылсын.

Төраға:

Шаудирбаев Габит Нурғалиевич

Хатшы:

Медиманова Айгуль Шахабековна

## **Тақырыбы:** «Бала тәрбиесі — ортақ міндет» баяндама

**Форматы:** Педагогтар мен ата-аналардың бірлескен дөңгелек үстелі

**Құрметті әріптестер, ардақты ата-аналар, бүгінгі дөңгелек үстелге қатысушылар!**

Халқымызда «Бала — артта қалған із, бауыр етің — балаң» деген ұлағатты сөз бар. Өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіру, оларды жан-жақты, саналы азамат етіп тәрбиелеу — бүгінгі қоғамның ең басты міндеті. Ал осы міндеттің жүгі тек қана балабақшаның немесе тек қана отбасының иығына түспейді. Бала тәрбиесі — бұл отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның тығыз серіктестігінен туатын **ортақ еңбек**.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі кезең, әсіресе баланың 4-5 жастағы шағы — оның тұлғалық қасиеттерінің, логикалық ойлау жүйесі мен қоршаған ортаға деген көзқарасының іргетасы қаланатын ең маңызды кезең. Дәл осы шақта бала үлкендердің іс-әрекетін, сөйлеу мәдениетін, тіпті мінез-құлқын айна-қатесіз қайталайтын «губка» іспеттес. Сондықтан біз, педагогтар мен ата-аналар, баланың алдында ортақ тәрбиелік модель қалыптастыруымыз керек.

### **Серіктестіктің негізгі 3 алтын діңгегі:**

- **Бірінші — Талаптардың бірлігі.** Егер балабақшада балаға өзін-өзі күту, үлкенді сыйлау, тәртіп ережелері мен гигиеналық дағдылар үйретіліп, ал үйде ол ережелер еленбейтін болса, баланың санасында екіұдайлылық пайда болады. Балабақшада айтылған талап үйде де жалғасын табуы тиіс.
- **Екінші — Ақпараттық ашықтық.** Педагог пен ата-ана баланың жетістіктері мен қиындықтарын ашық талқылай алуы қажет. Біздің мақсатымыз — баланы кінәлау емес, оның бойындағы жақсы қасиеттерді дер кезінде байқап, дамыту, ал кемшіліктерді бірлесе түзеу.
- **Үшінші — Экологиялық және ұлттық тәрбие.** Қазіргі «Жасыл балабақша» бағыты аясында біз балаларды табиғатты аялауға, үнемшілдікке баулып жатырмыз. Бұл тәрбие отбасында да қолдау тауып, баламен бірге ағаш егу, құстарға ұя жасау сияқты қарапайым әрекеттермен ұштасса — тәрбие нәтижелі болады.

**Маңызды түйін:** Балабақша баланы дамытушы ойындармен, заманауи көрнекіліктермен және мемлекеттік стандартқа сай біліммен қаруландыра алады. Бірақ, отбасы беретін жылулықты, ананың мейірімі мен әкенің қорғанын ештеңе алмастыра алмайды.

### **Құрметті ата-аналар мен педагогтар!**

Біз — бір кеменің үстіндегі жолаушымыз. Кеменің бағыты да, барар нысанасы да бір — ол балаларымыздың бақытты болашағы. Олай болса, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті мақтаншпен сезініп, бір-бірімізге демеу болайық. Өйткені, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз.

Бүгінгі дөңгелек үстел жұмысына сәттілік тілеймін! Еркін пікір алмасып, ортақ шешімдер шығаруға шақырамын.

**Назарларыңызға рақмет!**

**«КҮНШУАҚ» ЖЕКЕМЕНШІК БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ  
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ  
ХАТТАМАСЫ №3**

**Өткізілген күні:** «27» наурыз 2026 жыл

**Өткізілген орны:** «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы

**Уақыты:** 10:00 – 12:30

**Төрағасы:** Шаудирбаев Габит Нургалиевич

**Хатшысы:** Медиманова Айгуль Шахабековна

**Қатысқандар:**

- Қамқоршылық кеңес мүшелерінен — 7 адам.
- Балабақша әкімшілігі мен қызметкерлері: Балабақша директоры, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі, бас аспаз, медицина бикесі, тәрбиешілер мен мамандар.
- Шақырылғандар: Ата-аналар комитетінің мүшелері — 3 адам.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Жартыжылдық есепті тыңдау.
2. Балалардың даму деңгейін талдау.
3. Материалдық қажеттіліктерді қайта анықтау.
4. Қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру.
5. Қыстық және көктемгі қауіпсіздік шараларын бақылау.
6. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру жұмыстарына қатысу.
7. Қосымша: «Адал азамат – Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылу барысы.

**ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР:**

**Күн тәртібіндегі 1-мәселе:**

**Жартыжылдық есепті тыңдау**

**Тыңдалды:**

Балабақша директоры А.Е.Баянова бірінші жартыжылдықта атқарылған оқу-тәрбие, шаруашылық және қаржылық жұмыстардың есебін ұсынды. Жоспарланған іс-шаралардың уақтылы орындалғаны атап өтілді. Әліде болса жоспарлы жүйеде балабақшаға қолдау көрсете беруді ұсынды. *«Ата-аналармен өткен түрлі іс-шаралар жоғары деп бағалар едім. Әкелер, аналармен өткен кеңес, дөңгелек үстелдер жақсы нәтиже берді. Педагогтер өз білімдерін көтеріп кезекті біліктілік арттыру курсынан толықтай 100% өткендін сөз етер едім. Ауданнан жетістіктер де аз емес. Тәрбиеленушілер өз кезегінде түрлі сайыс-байқаулардың жеңімпазы атанды»*-деп, атқарылған біршама жұмыстардың есебін берді.

**Күн тәртібіндегі 2-мәселе.**

## **Балалардың даму деңгейін талдау**

### **Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері Жаксылыкова Айгуль балалардың білім, білік және даму деңгейіне жасалған мониторинг нәтижелерін баяндады. «Даму динамикасының оң екені, алайда кейбір бағыттар бойынша мысалы, коммуникативтік бағыт пен шығармашылық бағытта да жұмыстану керек. Қазіргі таңда балалардың тілдік құзыреттілігі орташа дейгейде деуге болады. Балабақшада біз баланы жан-жақты дамытуға жұмыстанғанымыз бен бала үйде қараусыз, соткада немесе ойында, телевизорда телміріп отырады. Ол дегенің бала дамуына үлкен кедергі. Кейбір аналар баланың тыныштығын ойлап сотканы өздері беріп отырғызып қояды. Ол дұрыс емес, бала жүру, жүгіру, сөйлеу керек. Нездүрлым қимыл қозғалысты болса созырлым даму да жақсы көрсеткіш көрсетеді. Сондықтан баланы қызықтыратын қосымша шығармашылық жұмыстарға бағыттануымыз керек»-деп, ата-аналардан қолдау көмегін ұсынды.

### **Күн тәртібіндегі 3-мәселе.**

#### **Материалдық қажеттіліктерді қайта анықтау**

### **Тыңдалды:**

Шаруашылық меңгерушісі Нұраған Сымбат екінші жартыжылдыққа қажетті материалдық-техникалық базаны жаңарту ойыншықтар, көрнекі құралдар, жөндеу материалдары мәселесін көтерді. Қажеттіліктер тізімі қайта қаралып, нақтыланды.

### **Күн тәртібіндегі 4-мәселе.**

#### **Қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру**

### **Тыңдалды:**

Кеңес төрағасы Шаудирбаев Габит Нургалиевич жарты жылдық қорытындысы аясында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылар мен балаларға қолдау көрсету мақсатында қайырымдылық акцияларын мысалы, «Мейірімділік жүректен», «Жылы жүрек» ұйымдастыруды ұсынды.

### **Күн тәртібіндегі 5-мәселе.**

#### **Қыстық және көктемгі қауіпсіздік шараларын бақылау**

### **Тыңдалды:**

Қауіпсіздік техникасы бойынша Нұраған Сымбат қысқы маусымдағы көктайғақ, сонымен қатар көктемгі су тасқыны мен шатырдан қар құлау қаупінің алдын алу шараларын баяндады. Территорияны тазалау және балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру жұмыстары сөз болды.

### **Күн тәртібіндегі 6-мәселе.**

## **Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру жұмыстарына қатысу**

### **Тыңдалды:**

Балабақша психологі Жамишова Гулжихан Онашовна ата-аналармен кері байланысты нығайту, бала тәрбиесіндегі қиындықтарды жою мақсатында ұйымдастырылатын тренингтер мен кеңес беру сағаттарының жоспарын таныстырды.

### **Ұсынылған іс-шаралар:**

**«Позитивті ата-ана» мектебі:** Бала тәрбиесіндегі дағдарыстар мен оларды еңсеру жолдары туралы тұрақты психологиялық тренингтер ұйымдастыру

**Жеке кеңес беру сағаттары:** Ата-аналардың сұранысы бойынша баланың мінез-кұлқы мен психологиялық ерекшеліктеріне қатысты құпия әрі жеке кеңестер жүргізу.

**Кері байланыс жәшігі мен сауалнамалар:** Ата-аналардың ұсыныстары мен арыз-шағымдарын дер кезінде біліп, талдау жасау үшін жасырын сауалнамалар алу.

**Бірлескен іс-шаралар:** Ата-аналар мен балалардың қатысуымен өтетін тренингтер мен спорттық-шығармашылық сайыстар арқылы отбасылық құндылықтарды нығайту.

### **Күн тәртібіндегі 7-мәселе.**

#### **Қосымша: «Адал азамат – Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы**

### **Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері Жаксылыкова Айгуль «Адал азамат – Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында балалардың бойына ұлттық құндылықтарды, адалдық пен жауапкершілікті сіңіру бағытындағы шаралардың қорытындысын жасады. *«Бірінші жартыжылдықта өткен ашық сабақтар, патриоттық іс-шаралар мен «Адалдық дүкені» секілді жобалардың нәтижесі оң бағаланды. Аудандық семинарға 5 педагог қатысып өздерінің іс-тәжірибиесімен бөлісіп, жоғары бағаланып аудандық білім бөлімінің алғысына қол жеткізді. Қаржылық сауаттылық бойынша балабақша тәрбиешілері Ходжа-Ахметова Камшат пен Сатыбалдиева Бибінүр ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетті. Ал, мен облыстық білім беру мекемесінің қолдауымен өткен қаржылық сауаттылық бойынша курстан өттім. «Адал азамат – Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты мақсаты баланы адалдыққа тәрбиелеу. шыншыл болу. Адал еңбек, адал табысты ұғындыру. Қоршаған ортаға қамқорлық көрсету сынды адалдық турасында жасалатын небір әдемі жобалар бар. Біздер педагогтар жоспарлы түрде балаға адалдық туралы үйретуіміз керек»-деп, сөз етті.*

## ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:

1. Бірінші жартыжылдықтың қорытынды есебі қанағаттанарлық деп танылсын және бекітілсін.
2. Балалардың даму көрсеткіштерін жақсарту мақсатында жеке даму карталары бойынша жұмыс күшейтілсін.
3. Анықталған материалдық қажеттіліктерді өтеу үшін демеушілер мен тиісті құрылтайшыға өтінім жолдансын.
4. Мұқтаж отбасылардың тізімі нақтыланып, еріктілер мен ата-аналарды тарта отырып, қайырымдылық акциясы өткізілсін.
5. Қысқы-көктемгі кезеңдегі қауіпсіздік шаралары қатаң бақылауға алынсын. Күнделікті тексеру жұмыстары жүргізілсін.
6. «Ашық есік» күндері мен психологиялық кеңес беру сағаттарының кестесі бекітіліп, ата-аналар арасында ақпараттандыру жүргізілсін.
7. Бағдарлама талаптарын оқу-тәрбие үдерісіне одан ары тереңірек енгізу және екінші жартыжылдықта да осы бағыттағы ңс-шараларды жалғастыру міндеттелсін.

Төраға:



**Шаудирбаев Габит Нургалиевич**

Хатшы:



**Медиманова Айгуль Шахабековна**

**«КҮНШУАҚ» ЖЕКЕМЕНШІК БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ  
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ  
ХАТТАМАСЫ №4**

**Өткізілген күні:** «08» маусым 2026 жыл

**Өткізілген орны:** «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы

**Уақыты:** 10:00 – 12:30

**Төрағасы:** Шаудирбаев Габит Нургалиевич

**Хатшысы:** Медиманова Айгуль Шахабековна

**Қатысқандар:**

- Қамқоршылық кеңес мүшелерінен — 9 адам.
- Балабақша әкімшілігі мен қызметкерлері: Балабақша директоры, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі, бас аспаз, медицина бикесі, тәрбиешілер мен мамандар.
- Шақырылғандар: Ата-аналар комитетінің мүшелері — 4 адам.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. 2025-2026 оқу жылының жылдық қорытындысы; есеп беру; жаңа оқу жылына ұсыныстар
2. Кеңес жұмысының тиімділігін бағалау
3. Атқарылған жұмыстар туралы есеп тыңдау
4. Жазғы сауықтыру жұмыстарына ұсыныстар
5. Жаңа оқу жылына жоспар дайындау
6. Кеңес мүшелерінің есебі

**Қосымша:**

«Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту» балабақша ішілік семинарға қолдау көрсету.

“1-маусым Балаларды қорғау күні» мерекелік іс-шарасын қолдау

Ойын алаңдарын жақсарту бойынша ұсыныстар

**ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ ЖӘНЕ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

**Күн тәртібіндегі 1-мәселе:** 2025-2026 оқу жылының жылдық қорытындысы; есеп беру; жаңа оқу жылына ұсыныстар

**Тыңдалды:**

Балабақша директоры А.Е.Баянова 2025–2026 оқу жылындағы ұйымдастыру, тәрбие-білім беру және қаржылық-шаруашылық жұмыстарының қорытынды есебін оқыды. Оқу жылы барысында мемлекеттік стандарттардың орындалуы, балалардың денсаулығы мен тамақтану сапасының бақылануы, сондай-ақ материалдық базаны нығайту бағытындағы көрсеткіштер айтылды.

**2025–2026 оқу жылындағы қорытынды есептің негізгі бағыттары:**

**1. Ұйымдастыру және тәрбие-білім беру жұмыстары**

**Мемлекеттік стандарттардың (МЖБС) орындалуы:** Оқу жылы барысында бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары 100% жүзеге

асырылды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай білім, білік және дағдыларының даму деңгейіне (мониторинг нәтижелеріне) талдау жасалып, оң динамика көрсетті.

**Педагогикалық құрам:** Тәрбиешілер мен педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өту жоспары толық орындалып 100% көрсеткіш көрсетті.

## **2. Балалардың денсаулығы мен тамақтану сапасы**

**Денсаулық сақтау және шынықтыру:** Балалардың сырқаттану деңгейін төмендету мақсатында жоспарлы сауықтыру және алдын алу шаралары тұрақты жүргізілді. Медициналық бақылау күшейтілді.

**Тамақтану сапасы:** Балалардың тамақтану сапасы мен ас мәзірінің бекітілген нормаларға сәйкестігі бракераж комиссиясы тарапынан қатаң бақылауда болды. Азық-түлік өнімдерінің сақталу мерзімі мен санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына тұрақты тексеріс жүргізілді.

## **3. Қаржылық-шаруашылық жұмыстары және материалдық база**

**Бюджеттің игерілуі:** Бөлінген қаржылық қаражат мақсатты түрде және тиімді игерілді.

**Материалдық-техникалық базаны нығайту:** Оқу жылы ішінде топтар мен кабинеттердің жиһаздары жаңартылып, заманауи дамытушылық ойыншықтар мен әдістемелік құралдар сатып алынды. Ғимараттың ішкі және сыртқы аймағындағы қауіпсіздік жүйесі бейнебақылау, өрт қауіпсіздігі тексеріліп, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

### **Сөйледі:**

Қамқоршылық кеңес мүшелері Сауытбаева, Әнетов балабақшаның жылдық көрсеткіштерін жақсы деп танып, ата-аналар тарапынан мекеме жұмысына деген сенімнің жоғары екенін атап өтті.

**Күн тәртібіндегі 2-мәселе:** Кеңес жұмысының тиімділігін бағалау.

### **Тыңдалды:**

Қамқоршылық кеңес төрағасы Шаудирбаева Габит Нургалиевич кеңестің бір жылдық қызметінің тиімділігі туралы баяндама жасады. Оқу жылы ішінде кеңес мүшелері балабақшадағы ашықтықты қамтамасыз ету, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларға қолдау көрсету және мәдени шараларды демеушілік тұрғыдан ұйымдастыру жұмыстарына белсене қатысқанын жеткізді. Кеңес мүшелері өз бағыттары бойынша қысқаша есеп берді.

**Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларға қолдау көрсету бойынша** Оқу жылы барысында аз қамтылған, көпбалалы және ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБК) балалары бар отбасылардың әлеуметтік картасы жаңартылды. «Мектепке жол» және басқа да қайырымдылық акциялары аясында бұл отбасыларға материалдық көмек (оқу құралдары, киім-кешек, сыйлықтар) ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ата-аналарға психологиялық және құқықтық кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

Мәдени шараларды демеушілік тұрғыдан ұйымдастыру бойынша Мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған мәдени-бұқаралық шаралар мен балалардың шығармашылық конкурстарын жоғары деңгейде өткізу үшін сыртқы демеушілер мен әлеуметтік серіктестер жергілікті кәсіпкерлер, ата-аналар комитеті тартылды және алдағы уақытта да тартылатын болады.

**Күн тәртібіндегі 3-мәселе: Атқарылған жұмыстар туралы есеп тыңдау.**

**Жазғы сауықтыру жұмыстарына ұсыныстар.**

**Жаңа оқу жылына жоспар дайындау**

Әдіскер А. Жақсылықова оқу тәрбиесі бойынша есеп берді және жазғы сауықтыру кезеңінің (маусым-тамыз) жұмыс жоспарымен таныстырды. Жаз айларында балалардың уақытын тиімді өткізу, күн тәртібін таза ауадағы ойындар мен шынықтыру шараларына бағыттау жоспарланғанын айтты. Жазғы сауықтыру шарасы Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы) мектепке дейінгі ұйымдарда 1 маусым мен 31 тамыз аралығы жазғы сауықтыру кезеңі болып айқындалған. Жазғы сауықтыру кезеңінде ұйымдастырылатын тәрбиелеу-білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес оқу жылы ішінде алған білім, біліктері мен дағдыларын бекітуді көздейді. Осыған байланысты тәрбиеленушілердің құзыретіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту мынадай біліктер мен дағдыларды бекіту арқылы жүзеге асырылады.

**Күн тәртібін ұйымдастыру және таза ауадағы шынықтыру шаралары**  
**Таза ауадағы қабылдау және таңғы гимнастика:** Балаларды таңертең аулада қабылдау, музыкалық-ырғақтық жаттығуларды ашық аспан астында өткізу (ұзақтығы 6–10 минут).

**Сумен және күнмен шынықтыру:** Ауа райының температурасына байланысты (+22°C-тан жоғары) балалардың аяқтарын салқын сумен шаю, қолдарын шынтакқа дейін жуу, күн көзінде серуендеу уақытын тиімді реттеу.

**Ұйқыдан кейінгі сауықтыру:** Түскі ұйқыдан кейін ояну гимнастикасын, тұзды немесе бұдырлы кілемшелермен (массаж жолдарымен) жалаң аяқ жүру жаттығуларын топта және ауа райы қолайлы күндері көгалда ұйымдастыру.

**Ауыз су режимі:** Жазғы уақытта балалардың сұйықтықты көп тұтынуын бақылау, серуендеу кезінде таза қайнатылған сумен тұрақты қамтамасыз ету.

**Таза ауадағы ойындар мен қозғалыс белсенділігі**

**Ұлттық және қимыл-қозғалыс ойындары:** Аулада балалардың жас ерекшелігіне сай қазақтың ұлттық ойындарын «Асық ату», «Арқан тартыс», «Орамал тастамақ» және спорттық элементтері бар ойындарды доппен, секіртпемен, обручпен күнделікті ұйымдастыру.

**Эстафеталық және спорттық жарыстар:** Аптасына бір рет топтар арасында немесе топ ішінде «Көңілді старттар», «Біз шыныққан баламыз!» атты кішігірім спорттық сайыстар өткізу.

**Күммен және сумен ойындар:** Ауладағы құмсалғыштарда шығармашылық жұмыстар, мүсіндеу, су құйғыштармен тәжірибелер жасау арқылы балалардың ұсақ моторикасын дамыту.

**Танымдық, экологиялық және шығармашылық шаралар**  
**«Жасыл балабақша» жобасы аясындағы жұмыстар:** Балабақша ауласындағы гүлдер мен ағаштарды күту, экологиялық соқпақтармен серуендеу, табиғат құбылыстарын бақылау және еңбек тәрбиесін жүргізу.

**Ашық аспан астындағы театр мен ертегілер:** Көлеңкелі аймақтарда балаларға экологиялық және адамгершілік тақырыбындағы ертегілерді оқып беру, инсценировкалар (сахналау) жасау.

**Асфальтта сурет салу сайыстары:** Балалардың шығармашылық қиялын ұштау мақсатында «Біз бақытты баламыз», «Жарқыра, жазғы күн!» тақырыптарында түрлі-түсті борлармен сурет салу байқауларын ұйымдастыру.

#### **Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ата-аналармен жұмыс**

**Қауіпсіздік ережелері:** Серуендеу алаңдарындағы ойын құралдарының жарамдылығын күнделікті тексеру. Балалардың күн өтуінің алдын алу (бас киімдерінің болуын қадағалау).

**Ата-аналарға кеңес:** Желілік ресурстар арқылы ата-аналарға «Баланың жазғы демалысын қауіпсіз ұйымдастыру», «Жаз айларындағы жұқпалы аурулардың алдын алу» тақырыптарында жадынамалар мен кеңестер тарату.

**Ұсыныстар:** Қамқоршылық кеңес мүшелері жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін (күн өту, улану, жарақат алудың алдын алу) қатаң бақылауды, ауыз су режимінің сақталуын және асхананың санитарлық талаптарға сай жұмыс жасауын қадағалауды ұсынды.

#### **Күн тәртібіндегі қосымша мәселе бойынша:**

##### **Тыңдалды:**

Балабақша психологы Г. Жамишова мен әдіскер өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат берді:

«Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту» тақырыбындағы балабақшаішілік семинар сәтті өтіп, тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасты.

**1. Дидактикалық (үйретуші) ойындар.** Бұл ойындар баланың логикалық ойлауын, математикалық түсінігін және заттарды жүйелеу қабілетін арттырады.

**2. Ұлттық ойындар арқылы дамыту.** Қазақтың ұлттық ойындары баланы ептілікке ғана емес, сонымен бірге тапқырлық пен зейінді шоғырландыруға баулиды.

**3. Сюжеттік-рольдік ойындар.** Баланың қиялын, әлеуметтік дағдыларын және тіл байлығын дамытудың ең үздік тәсілі.

**4. Экологиялық және табиғатпен байланысты ойындар.** Баланың қоршаған ортаға деген қамқорлығын оятып, бақылаушылық қабілетін шыңдайды.

**5. Саусақ ойындары (Ұсақ моториканы дамыту).** Ғылымда баланың саусақ қимылдары мидың тіл және ойлау орталықтарымен тікелей байланысты екені дәлелденген.

**Ойынды ұйымдастыру кезіндегі маңызды қағидалар:**

**Жас ерекшелігін ескеру:** Ойын ережелері баланың жасына сай, тым күрделі емес, бірақ ойлануды қажет ететіндей болуы керек.

**Еркіндік беру:** Бала ойын барысында өз бетінше шешім қабылдап, қателіктермен жұмыс істеуді үйренуі тиіс.

**Қолдау көрсету:** Баланың кішкентай жетістігін де мақтап, ойынға деген ынтасын арттырып отыру маңызды.

Ойын — бала үшін жай ғана көңіл көтеру емес, бұл оның әлемді танудағы, ой-өрісін өсірудегі ең басты «еңбегі» мен мектебі екенін естен шығармауымыз керек.

«1 маусым – Балаларды қорғау күні» мерекелік шарасы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, кеңес мүшелері, ауылдық «Аналар алқасы» мен «Таушық ауылы әкімінен» балаларға сыйлықтар мен тәттілер таратылды.

### **ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:**

1. 2025–2026 оқу жылының жылдық қорытынды есебі мен Қамқоршылық кеңес мүшелерінің есептері қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарының жұмысы бекітілсін.
3. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарына ұлттық құндылықтар мен экологиялық жобаларды енгізу туралы ұсыныстар мақұлданын.
4. Балабақша ауласындағы ойын алаңдарын ағымдағы жөндеуден өткізу және дамытушы ортаны жақсарту жұмыстары жедел қолға алынсын.

**Төраға:**



**Шаудирбаев Габит Нургалиевич**

**Хатшы:**



**Медиманова Айгуль Шахабековна**